

Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің және кедендік бақылаудың тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қазан N 87-ІІ Заңы.

Ялтада 1999 жылғы 8 қазанда жасалған Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің және кедендік бақылаудың тәртібі туралы келісім бекітілсін.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

**Ресми расталған мәтін Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің және кедендік бақылаудың тәртібі туралы
Келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің Үкіметтері,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімнің, 1999 жылғы 2 сәуірдегі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың және 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың ережелерін назарға ала отырып,

жалпыға ортақ халықаралық нормалардан және Тараптардың ұлттық заңдарының ережелері мен негіздерінен туындай отырып,

1995 жылғы 10 ақпанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының Кеңесімен қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдарының негіздерін дамытуға,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейтуге ұмтыла отырып, еркін сауда режимінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажеттігін мойындай отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

1-бап

Осы Келісімде 1995 жылғы 10 ақпанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының Кеңесімен қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер

Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдарының Негіздерінде пайдаланылатын терминдер қолданылады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты:

Тараптар арасында тасымалданатын тауарларға қатысты кедендік операциялар жасау мен оларды кедендік бақылаудың жеңілдету тәртібін белгілеу;

көрсетілген мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірместен, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында шығарылатын тауарларға қатысты кедендік рәсімдерді (ТМД Үкіметтерінің басшылары кеңесінің 1996 жылғы 18 қазандағы Шешімімен енгізілген 9-тармақтың редакциясын ескере отырып, ТМД Үкіметтерінің басшылары кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі Шешімімен бекітілген Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесіне және 2009 жылғы 20 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесі туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Тауарлардың шығарылған елін айқындау ережесіне сәйкес) оңайлату болып табылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

3-бап

1. Осы Келісімді 1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге, 1999 жылғы 2 сәуірдегі оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға және 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шартқа қатысушы мемлекеттер қолданады.

2. Осы Келісім ТМД-на қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарынан шығарылған және еркін айналым үшін шығару кеден режиміне орналастырылатын тауарларға қатысты қолданылады.

3. Осы Келісім:

арнайы жүктерге, әскери бағыттағы өнімдер және екі жақты қолданыс тауарларына жататын;

ТМД-на қатысушы мемлекеттердің аумақтарында акциздер салынатын тауарларға қатысты қолданылмайды.

Тараптар акциздер салынатын тауарлардың тізбелерімен алмасады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

4-бап

Тараптар осы Келісімнің 3-бабының 2-тармағында көрсетілген, ТМД-на қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарына әкелінетін тауарларға қатысты кедендік операциялар жасаудың жеңілдетілген тәртібін белгілейді.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

5-бап

Тауарларға қатысты кедендік операциялар жасаудың жеңілдетілген тәртібіне:

кедендік жүк декларациясының сәйкестендірілген бланкілері;

кедендік жолаушылар декларацияларының сәйкестендірілген бланкілері;

тауарлар мен көлік құралдарына қатысты кедендік операциялар жасаудың сәйкестендірілген ережелері енеді.

Тауарларға қатысты кедендік операциялар жасаудың жеңілдетілген тәртібі кедендік ресімдеу және бақылау құжаттарын өзара мойындауды көздейді.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

6-бап

Тараптар, қажет болған кезде, екіжақты халықаралық шарттардың негізінде мемлекеттік (кедендік) шекаралардағы өткізу пункттерінде бірлескен кедендік бақылауды жүзеге асыру және кедендік операцияларды жасау үшін жағдайлар жасайды.

Ескерту. 6-бап жана редакцияда – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

7-бап

Тауарларға қатысты кедендік операциялар жасау ТМД-на қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

8-бап

ТМД-на қатысушы мемлекеттердің кеден аумақтарында тауарларды белгіленген пунктке дейін тасымалдау тауарларды кедендік бақылаумен жеткізудің ұлттық ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

Тауарлар қызмет аймағында тауарларды қабылдаушы орналасқан кеден органы айқындаған кедендік операциялар жасау орындарына жеткеннен кейін, олар кеден

қоймаларына немесе кеден бақылауымен кеден органы анықтаған басқа орындарға орналастырылады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.12.2020 № 389-VI Заңымен.

10-бап

Кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтердің дұрыстығын растау үшін кеден органы кедендік бақылау үшін қажетті қосымша құжаттар мен мәліметтер берілуін талап етуге құқылы.

Тараптар мұндай құжаттар мен мәліметтердің тізбелерін барынша қысқартуға, сондай-ақ оларды берудің шарттарын оңтайландыруға ұмтылады.

11-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

12-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекет ішіндегі рәсімдерін орындағандары туралы үшінші хабарлама депозитарийлерін алған күннен күшіне енеді. Мемлекет ішіндегі рәсімдерді кеш орындаған Тарап үшін бұл, тиісті құжаттарды депозитариге тапсырған күннен күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке құжаттармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап 5 жыл ішінде қолданылады. Бұл мерзім аяқталған соң, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, Келісім әр рет сайын келесі 5-жылдық мерзімге дағдылы ұзартылады.

Тараптардың кез-келгені осы Келісім қолданылған кезде туындаған міндеттемелерді алдын ала реттей отырып, осы Келісімнен шығуға дейін 6 айдан кешіктірмей бұл туралы депозитариге жазбаша хабар жіберіп шыға алады.

15-бап

Осы Келісімді талқылауға және қолдануға байланысты даулы мәселелер кеңестер және келіссөздер жолымен шешіледі. Даулы мәселелерді келіссөздер жолымен шешу

мүмкін болмаған жағдайда Тараптар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотына немесе өзге халықаралық төрелік соттарға көңіл бөледі.

16-бап

Осы Келісім мұндай қосылу туралы құжаттарды депозитариге тапсыру жолымен барлық Тараптардың келісімімен оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашылған. Қосылу депозитарийі мұндай қосылуға Тараптардың келісімі туралы соңғы хабарлама алған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енді деп саналады.

1999 жылғы 8 қазанда Ялта қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Әзірбайжан Республикасы Молдова Республикасы

Үкіметінің атынан Үкіметінің атынан

Армения Республикасы Ресей Федерациясы

Үкіметінің атынан Үкіметінің атынан

Беларусь Республикасы Тәжікстан Республикасы

Үкіметінің атынан Үкіметінің атынан

Грузия Үкіметінің атынан Түркменстан Үкіметінің атынан

Қазақстан Республикасы Өзбекстан Республикасы

Үкіметінің атынан Үкіметінің атынан

Қырғыз Республикасы Украина Үкіметінің атынан

Үкіметінің атынан

Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу және кедендік бақылау тәртібі туралы

Келісімге

Әзірбайжан Республикасының

Ерекше пікірі

6-бапты және даулы мәселелерді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотында қарастыруға жол беретін 15-баптың ережелерін қоспағанда.

Әзірбайжан Республикасының

Премьер-Министрі

Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы

мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік

ресімдеу және кедендік бақылау тәртібі туралы Келісімнің

жобасы жөніндегі
Армения Республикасының
Ұсынысы

1. 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін бір ай барысында акциздер салынатын тауарлардың тізбелерімен алмасады, сондай-ақ осы тізбелердегі барлық өзгерістер туралы бір-біріне хабар береді".

2. 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды кедендік ресімдеу ТМД-на қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес жүргізіледі".

3. 13-бапта "ресімделетін" деген сөзден кейін "және осы Келісімнің 12-бабымен белгіленген тәртіпте күшіне енетін" деген сөздер қосылсын.

"Еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы
мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік
ресімдеу және кедендік бақылау тәртібі туралы Келісім туралы"
ТМД-на қатысушы мемлекеттердің үкіметтері басшылары
Кеңесінің келісіміне

Украинаның ескертпелері

1999 жылғы 8 қазан

Даулы мәселелерді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотында
қарауға жол беретін ережелерді қоспағанда.

Украинаның

Премьер-министрі

Ұсынылып отырған мәтін 1999 жылғы 8 қазанда Ялта қаласында өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшыларының Кеңесі мәжілісінде қабылданған, еркін сауда аймағын құру туралы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылаудың тәртібі туралы Келісімнің сәйкес көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын.

Жоғарыда аталған Келісімнің түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

Атқару комитетінің Төрағасы -

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының

Атқарушы хатшысы